| <b>Бесін ас</b>                                                                                                                                               | <p>Алдына қойған асқа назар аударту; дастарқан басында отыру мәдениеті, тамақтану мәдениетіне баулуға бағытталған жеке-дара жұмыс; этикет ережелері. (мәдени-гигиеналық дағдылар)</p>                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                         |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                      |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                        |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                     |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                         |
| <b>Балалардың дербес іс-әрекеті (қимылдық, ұлттық, сюжетті-рөлдік, үстел үсті-баспа және басқа ойындар), бейнелеу іс-әрекеті, кітап қарау және басқалары)</b> | <p>Дидактикалық ойын.</p> <p>"Қарама-қарсы сөздер" (Заттың орналасу орны) (танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекет)</p> <p>Мақсат-міндеттер.</p> <p>Балалардың қоршаған адамдар, заттар мен құбылыстардың қасиеттері жайындағы білімдерін тереңдету, тиянақтау; ой шапшаңдығына, есте сақтау, елестету қабілеттерін дамыту; сөздік қорды байыту; эрудиция қабілеттеріне тәрбиелеу.</p> <p>Шарты.</p> <p>Балалар педагог ұсынған әрбір сөзіне қарама-қарсы сөздерді атап отыруы тиіс.</p> <p>- Оң жақ - (Сол жақ).</p> <p>- Ішінде - (Сыртында).</p> <p>- Төменде - (Жоғарыда).</p> <p>- Ортасында - (Шетінде).</p> <p>- Таязда - (Тереңде).</p> | <p>"Қандай? Не істейді?" ойын-жаттығуы. (қарым-қатынас іс-әрекеті)</p> <p>Мақсат-міндеттері.</p> <p>Сөйлегенде синонимдер қолдану, белгілі бір затқа белгілерді, әрекеттерді және берілген әрекетке заттарды таңдай білу.</p> <p>Сөздік қорды молайту.</p> <p>– Қыс қандай? Не істейді?</p> <p>– Қыс суық, қыс ызғарлы, қыс үскірік, т.б.</p> <p>– Қыс суытады, қыс мұздатады, қыс тондырады, т.б.</p> <p>Дидактикалық ойын.</p> <p>"Ассоциациялар" (Қыс мезгілі) (танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекет)</p> <p>Мақсат-міндеттер.</p> <p>Балалардың қыс мезгілі</p> | <p>Дидактикалық ойын.</p> <p>"Не, қалай естіледі?" (табиғат құбылыстары). (танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекет)</p> <p>Мақсат-міндеттер.</p> <p>Балаларға табиғат құбылыстарынан қандай дыбыстар естілетінін ажыратуға, табиғи дыбыстарды сөйлеудің дыбыстық мәдениетін қолдану арқылы білдіруге ынталандыру; дыбыстарды есту, дыбыстардың артикуляциясын, елестету қабілеттерін дамыту; сезгіштікке, зеректікке тәрбиелеу.</p> <p>Құралдар: табиғи құбылыстардың дыбыстық жазбалары, таңбалауыштары.</p> <p>Шарты.</p> <p>Педагог балалардың алдына түрлі таңбалауштарды қойып,</p> | <p>«Қаржылық сауаттылық». Ақшамен таныстыру: сыртқы түрі мен пайдаланылуы.</p> <p>Бекіту (қарым-қатынас іс-әрекеті, математика негіздері, қазақ тілі)</p> <p>Ақша туралы бастапқы түсініктер:</p> <p>-ақша белгілерімен таныстыру (монеталар, купюралар — олардың мөлшері, түсі, сандық мәні, бейнелері);</p> <p>-ақша не үшін қажет екенін түсіндіру — айырбастау құралы;</p> <p>-ақшаға не сатып алуға болатынын және не сатып алуға болмайтынын талқылау (достық, денсаулық және т.б.) арқылы қалыптастыру қажет.</p> <p>Балаларға ақшаны тек қана көрсетіп қоймай, оны ересектер еңбек етіп</p> | <p>Дидактикалық ойын. "От, су, аспан, жер". (танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекет)</p> <p>Мақсат-міндеттер. Балалардың тірі және өлі табиғат өкілдері жайында білімдерін нығайту.</p> <p>Зат есімдер мен жалпылаушы сөздерді дұрыс қолдана білуді дамыту. Сөздік қорды белсендіру.</p> <p>Құралдар: доп.</p> <p>Балалар бір тізбекке, жарты шеңберде (шеңберде) отырады (тұрады).</p> <p>Алғашқы кезеңдерде жүргізуші рөлін педагог өзі атқару мүмкін, ойын шартының орындалуын реттеп отыру үшін.</p> <p>Жүргізуші допты кезегімен әрбір балаға "От!", "Су!", "Аспан!", "Жер!" сөздерін айтып допты қолға лақтырады.</p> <p>Допты ұстап алған бала әрбір сигнал сөзіне әрқалай бір ғана жауап береді. Мысалы, "от" - өзін-өзі айналу, "су" - суда</p> |

|                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                  |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                  |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                      |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                               |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                           |
|--------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|---------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|---------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|
| <p>- Солтүстікте - (Оңтүстікте).</p> <p>- Шығыста - (Батыста).</p> <p>- Жакында - (Алыста).</p> <p>- Оң жақ - (Сол жақ).</p> <p>- Артында - (Алдында).</p> <p>- Басында - (Аяғында).</p> <p>- Соңында - (Басында).</p> <p>Құрастырудан ойын-жаттығулар</p> <p>"Қысқы ағаш"</p> <p>(шығармашылық іс-әрекет)</p> <p>Мақсат-міндеттер: балаларды қағазды түтік тәріздес етіп айналдыру арқылы қысқы ағашты құрастыруды үйрету.</p> <p>Сюжетті-рөлдік ойын.</p> <p>"Спорттық жаттығу залы".</p> <p>(қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекеті, зерттеу іс-әрекеті, еңбек іс-әрекеті)</p> <p>Мақсат-міндеттер.</p> <p>Спорттық жаттығу залы туралы балалардың ұғымдарын нығайту; жаттықтырушы жайында, атқаратын рөлі неде екендігін анықтау;</p> | <p>жайындағы түсініктерін тиянақтау, қысқы құбылыстарға көңіл аудару; "қыс мезгілі" ұғымына сәйкес келетін сөздерді табуға ынталандыру; ой-қиялын дамыту.</p> <p>Құралдар. Қыс мезгілі жайында суреттер немесе бейнежазба. Қыс мезгіліне байланысты мнемочарткалар.</p> <p>Шарты. Балалар қыс мезгіліне байланысты құбылыстарды, жанды және жансыз табиғатта болатын ерекшеліктерді атау керек.</p> <p>Педагог балалардың тақырыпқа деген қызығушылығын ояту үшін тақпақты оқып беруі мүмкін, болмаса қыс туралы өздері білетін тақпақтарды кезекпен айтып бере алады.</p> <p>Мысалы, А. Асылбековтің өлеңіне көңіл аударуға болады.</p> <p>Қандай суық қыс деген? Қалтырайды құс деген. Құлақшынды кимесең,</p> | <p>өздеріне бір-бірден таңдап алуды ұсынады.</p> <p>Таңбалауыштағы құбылысты атап, оны дыбыстық жазбалардың арасынан тауып алу керегін айтады. Балалар табиғат құбылысы қалай естілетінін білгеннен кейін, оның дыбыстарын артикуляция арқылы білдіруге тырысады.</p> <p>Мысалы, "жел ш-ш-ш" немесе "у-у-у" деп дыбыстайды. Жаңбыр "там-там-там", "тақ-тоқ-тақ-тоқ" деп дыбыстайды т.б.</p> <p>«Өнегелі тәрбие», «Қауіпсіздік». Мен және менің қауіпсіздігім" ой түзеу сәті. Мобильді құрылғы.</p> <p>Балалардың мобильді құрылғыларды қолдану кезінде қарапайым қауіпсіздік ережелерін білу туралы ақпараттарды тиянақтау; күніне ата-аналардың рұқсатымен 30 минуттан артық емес мобильді құрылғыларды қолдану</p> | <p>табатынын, сондықтан оның құнды екенін түсіндіру.</p> <p>Ақшалардың суретін жапсыру, монеталарды номиналы мен түсі бойынша іріктеуге арналған тапсырмалар беру.</p> <p>Дидактикалық ойын.</p> <p>"Не жасырынғанын айт".</p> <p>(танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекет)</p> <p>Мақсат-міндеттер.</p> <p>Балалардың ойлау, елестету, байланыстыра сөйлеу қабілеттерін дамыту; заттардың қасиеттерін зерттеуге деген қызығушылықтарын арттыру.</p> <p>Балалардың айналасындағы заттармен сөздік қорды кеңейту: тұрмыстық заттар және қоршаған орта заттарының қолданылу маңыздылығын түсіну, заттардың атауларын, олардың бөліктері мен бөлшектерін, олар</p> | <p>мекендейтін балық, судың астында мекен ететін жануарды атау, "аспан" - аспанда ұшып жүретін құс не жәндікті атау, "жер" - жануар, жәндікті атау.</p> <p>Көркемсөзді мәнерлеп оқу жаттығуы.</p> <p>(қарым-қатынас іс-әрекеті, қазақ тілі)</p> <p>Мақсат-міндеттері. Өлеңді жатқа, мәнерлеп, интонациямен айтуды жетілдіру. Тілдік және артикуляциялық аппаратты, тыныс алуды және таза дикцияны дамыту, қазақ тіліне тән дыбыстарды анық айтуға ынталандыру.</p> <p>“Отан” (үзінді) (Мұқағали Мақатаев)</p> <p>Мен оның түнін сүйем, күнін сүйем,</p> <p>Ағынды өзен, асқар тау, гүлін сүйем.</p> <p>Мен оның қасиетті тілін сүйем,</p> <p>Мен оның құдіретті үнін сүйем.</p> <p>Отан!</p> <p>Отан!</p> <p>Бәрінен биік екен.</p> <p>Мен оны мәңгілікке сүйіп өтем.</p> |
|--------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|---------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|---------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|

|                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                  |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                           |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                         |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                              |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                          |
|----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|-------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|---------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|--------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|
| <p>тәртіптілікке, салауатты өмір салтына тәрбиелеу. Құралдар.</p> <p>Спорт киімдері, ойыншық спорттық жабдықтар немесе макеттері.</p> <p>Соңында педагог балалармен бірге қорытынды жасай алады: денсаулығың мықты, денең шымыр болу үшін, ерінбей жаттығу жасау керек; жаттығу залында қауіпсіздік ережелерін сақтау керек.</p> | <p>Құлағыңды тістеген . Қандай қызық қыс деген?</p> <p>Бәрін шебер істеген. Жерде, үйде, тауларда, Боялған ақ түспенен. Педагог көркем сөзді оқып болғаннан кейін, ойын барысына өтуі мүмкін. Егер балаларда қиындықтар туындап жатса, қыс туралы суретті немесе бейнежазбаны алдымен көрсетіп, көз алдынан алып қойып, содан соң балаларға қыс жайында ассоциацияларды айтуға ұсына алады.</p> <p>Сюжетті-рөлдік ойын. "Аурухана". (қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекеті, зерттеу іс-әрекеті, еңбек іс-әрекеті) Мақсат-міндеттер. Балалардың түсінігіндегі медициналық мамандықтар (бала дәрігері, тіс дәрігері, ЛОР-дәрігер, хирург, мейірбике) жөнінде ұғымдарды нығайту;</p> | <p>маңызды екендігіне қарапайым өмірдегі мысалдар арқылы көз жеткізу; көз пікірін білдіруге үйрету; өз қауіпсіздігі үшін алғашқы жауапкершіліктерді түсінуге көмектесу.</p> <p>«Қаржылық сауаттылық».</p> <p>Сюжетті-рөлдік ойын. "Киімдер" дүкені. (қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекеті, зерттеу іс-әрекеті, еңбек іс-әрекеті) Мақсат-міндеттер. Балалардың "Киімдер" дүкені, киім сатушының жұмысы ерекшелігі жөніндегі ұғымдарын тиянақтау; сатушы мен сатып алушы рөлдеріндегі әрекеттерді игерту; жағымды қарым-қатынастарға, қоғамдық тәртіп ережелеріне тәрбиелеу. Қаржылық сауаттылық негіздерін қалыптастыру. Балаларға "тауар",</p> | <p>жасалған материалдарды, материалдардың белгілі және белгісіз қасиеттерін сөйлеуде қолдану. Алуан түрлі заттарды сипаттауға, қарым-қатынас жасауға қажетті сөздерді қолдану және түсіну, оларды сөйлегенде белсенді қолдану дағдыларын қалыптастыру.</p> <p>Сюжетті-рөлдік ойын. "Кітапхана". (қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекеті, зерттеу іс-әрекеті, еңбек іс-әрекеті) Мақсат-міндеттер. Кітапхана жайында балалардың түсініктерін нығайту; кітапханашының негізгі қызметін анықтау; тәртіптілікке, ұғымталдыққа, төзімділікке тәрбиелеу. Құралдар. Кітаптарға сөрелер, әртүрлі кітаптар;</p> | <p>Отанды сүймеуің де күйік екен, Отанды сүйгенің де күйік екен...</p> <p>Театрландырылған қойылым. "Шегіртке мен құмырсқа" мысалы. (қарым-қатынас іс-әрекеті) Мақсат-міндеттері. Сахналық қойылымдарға қатысуға, таныс ертегілер бойынша қарапайым қойылымдарды ойнауға, образды бейнелеу үшін мәнерлілік құралдарын (интонация, ым-ишара, қимыл) қолдануға ынталандыру. Балаларды қол жетімді көркем шығармалар мен фольклорға, театр әлеміне баулу, кітапқа деген қызығушылығын дамыту. Балалардың естерінде мысалдың желісін жаңғырту, есте сақтау, ой-қиялдың, эмоциялық, пантомимикалық, қатынастық қабілеттерін дамыту. Құралдар. "Шегіртке мен құмырсқа" мысалы қойылымына қатысатын кейіпкерлердің киімдері, маскалары, күрек пен сыпырғыш.</p> |
|----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|-------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|---------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|--------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|

|  |  |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                         |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                   |                                                                                                                                                                                                                                                                                                  |  |
|--|--|---------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|-----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|--------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|--|
|  |  | <p>медициналық қызметкерлердің ауруханада атқаратын рөлі неде екендігін анықтау; еңбекқорлыққа, сыпайылыққа, салауатты өмір салтына тәрбиелеу. Құралдар. Медицина мамандарына қажет заттар мен құралдар; ақ халаттар, перчаткалар; ауруханаға қажет жиһаз, сөмкелер; кейіпкер ойыншықтар. Балалар қуыршақтар мен кейіпкер ойыншықтарды ауруханаға қаратып немесе өздеріне қаралатын жағдайлар жайында өзара келісіп шешеді. Соңында педагог балалармен бірге қорытынды жасай алады: адамның денсаулығына ауа райы, жыл мезгілі, тамақтануы, күнделікті жасайтын әрекеттері әсер ететінін анықтайды.</p> | <p>"баға", "табыс көзі" ұғымы жайында, табыстың негізінде уақыт, білім мен қабілеттер, қойылған нәтижеге жету жатқаны туралы түсіндіру; ойын шарты бойынша қызмет үшін жасалатын "төлем", қарапайым есеп (тең, кем, артық, көп, аз) әрекеттерін бекіту; ойындағы мамандықтар туралы түсініктер қалыптастыру; еңбекті және адамдардың еңбегін құрметтеуге баулу. Құралдар: сөрелер, қораптар, ілмектер, киім үлгілері (көрнекілік қуыршаққа арнайы тігілген); ойыншық смартфондар, төлем карточкалары, сөмкелер, қаражат қағаздары; қуыршақтар. Ойынның соңында қорытынды жасауға болады: тауарларды жақсы күтсе, сапасы сақталып, жақсы сатылады; дүкендерде сатушы мен сатып</p> | <p>оқырманды белгілеу кітапшасы; оқырман билеті бейнеленген карточкалар. Соңында педагог балалармен бірге қорытынды жасай алады: кітапханадағы негізгі шарттың бірі - тыныштық сақтау, қатты сөйлемей; тағы бір шарт - кітаптарды тазалықта ұстау, оқып болғаннан кейін кітапханаға қайтару.</p> |  |
|--|--|---------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|-----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|--------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|--|

|                              |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                     |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                             |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                    |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                    |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                          |
|------------------------------|-----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|---------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|--------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|
|                              |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                     |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                             | алушы сыпайы сөздерді қолданып, әдептілік ережелерін ұстанулары тиіс; сатушының еңбегін құрметтеу керек; сатып алушының таңдауын құрметтеу керек.                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                  |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                    |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                          |
| <b>Балалармен жеке жұмыс</b> | <p>Көркемсөзді мәнерлеп оқу.</p> <p>(қарым-қатынас іс-әрекеті)</p> <p>Міндеттер. Тыңдалған шығарманың мазмұнын қайталап айтуға, қысқа өлеңдерді жатқа айтуға баулу.</p> <p>Шешендікке, сөз өнеріне баулу, халық ауыз әдебиеті шығармаларымен таныстыру, жаңылтпаш айту өнеріне баулу.</p> <p>Жаңылтпаштар айтқызу.</p> <p>Аппақ, аппақ, бәрі аппақ, Ақ қар аппақ, бәрі аппақ. Ақ бұлт, қырау, мақта аппақ.</p> <p>Ақ сүт, айран, қант та аппақ.</p> | <p>"Ненің құйрығы?" ойыны.</p> <p>(қарым-қатынас іс-әрекет, танымдық іс-әрекет)</p> <p>Мақсат-міндеттер. Жануарлар туралы білімдерін бекіту, есте сақтау, ойлау, зейін және қолдың ұсақ моторикасын дамыту.</p> <p>Барысы. Бір күні таңертең орман жануарлары оянып, бәрінің құйрықтары ауысып қалғанын көрді.</p> <p>Қоянда қасқырдың құйрығы, қасқырда түлкінің құйрығы, түлкіде аюдың құйрығы. Жануарлар мұңайып қалды. Қасқырдың құйрығы қоянға сәйкес келе ме?</p> <p>"Бұл ненің құйрығы?" сұрағына жауап бере отырып, жануарларға</p> | <p>"Сәйкесін тап" ойыны. (танымдық дағдылар)</p> <p>Үстел үсті ойыны арқылы ойналады.</p> <p>Қиынды суреттерден қыс мезгілі ерекшеліктерін білдіретін суреттерді тауып құрастыру; ойлау қабілеттерін дамыту.</p> <p>Мақал-мәтелді жаттау жаттығуы. Қыс мезгілі (танымдық іс-әрекет, қарым-қатынас іс-әрекет)</p> <p>Мақсат-міндеттері. Балалардың мақал-мәтелдерді тыңдауға, көркем сөзге, кітапқа қызығушылыққа баулу.</p> <p>Тыңдалған өлеңдерді (мақал-мәтелдерді) жаттауда, оларды есте сақтауға, шығарма мазмұнын дұрыс қабылдауға баулу.</p> | <p>Дайын суретті бояу тапсырмасы.</p> <p>(шығармашылық іс-әрекет)</p> <p>Міндеттер. Балаларға қағаз бетіне басып шығарылған қыс мезгілінің (антистресс) бірнеше суреттері беріледі, балалар өздері таңдап, бояп шығады.</p> <p>Дидактикалық ойын. "Ассоциациялар" (Қыс мезгілі) (танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекет)</p> <p>Мақсат-міндеттер. Балалардың қыс мезгілі жайындағы түсініктерін тиянақтау, қысқы құбылыстарға көңіл аудару; "қыс мезгілі" ұғымына сәйкес келетін сөздерді табуға ынталандыру; ой-қиялын дамыту.</p> | <p>"Кейіпкердің сөздерін жалғастыр" дамытушы ойыны. (қарым-қатынас іс-әрекеті)</p> <p>Мақсат-міндеттері. Таныс ертегілер мен әңгімелердің мазмұнын пысықтау; кейіпкерлейдің сөздерін жаттап алуға құштарлығын арттыру; шығармашылық қабілеттерін дамыту.</p> <p>Балаларды қол жетімді көркем шығармалар мен фольклорға, театр әлеміне баулу, кітапқа деген қызығушылығын дамыту. Кейіпкерлерге және олардың әрекеттеріне өз көзқарасын білдіру. Әдеби кейіпкердің белгілі бір әрекетін өзінің қалай қабылдағаны туралы айту, кейіпкерлердің жасырын әрекетін түсіну.</p> |

|                          |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                               |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                      |                                                                                                                                               |                                                                                                                                    |                                                                                                                                                    |
|--------------------------|-----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|-----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|
|                          |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                               | <p>құйрықтарын табуға көмектесу. "Міне, қасқырдың құйрығы. Ол қандай? (сұр, ұзын және т.б.)</p> <p>"Қарама-қарсы сөздер" жаттығуы.<br/>(қарым-қатынас іс-әрекеті)<br/>Мақсат-міндеттері.<br/>Сөйлегенде антонимдерді қолдану, белгілі бір затқа белгілерді, әрекеттерді және берілген әрекетке заттарды таңдай білу.<br/>Сөздік қорды молайту.<br/>– Үлкен – кішкентай, суық – жылы, биік – аласа, қыс – жаз, түнде - күндіз, алыс – жақын, т.б.</p> | <p>Жазда жайлауды же, Қыста қойнауды же.</p> <p>Биік таудың басы қыс, Баурайы жаз.<br/>Қыстағы қар, жаздағы жаңбыр-<br/>Жерге жауған нұр.</p> | <p>Құралдар.<br/>Қыс мезгілі жайында суреттер немесе бейнежазба. Қыс мезгіліне байланысты мнемочарточкалар.</p>                    |                                                                                                                                                    |
| <b>Серуенге дайындық</b> | <p>Балаларды серуенге ынталандыру; серуенге ойын жабдықтарын іріктеу; балалармен жеке әңгімелесулер; шалбарын, бас киімі мен бәтешесін реттілікпен киюін қадағалау. (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)</p> <p>«Қауіпсіздік». Балалардың жеке бас қауіпсіздігі және денсаулықты сақтау қауіпсіздігі, табиғатты сақтауға қатысты қарапайым ережелерді қайталау, белгілеу; "дұрыс" не "дұрыс емес" үшін жауапкершілікті сезіне білуге көмектесу; зеректікке, сыпайылыққа тәрбиелеу.</p> |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                      |                                                                                                                                               |                                                                                                                                    |                                                                                                                                                    |
| <b>Серуен</b>            | <p>«Экологиялық тәрбие». Қайыңды бақылау.<br/>(экологиялық тәрбие, қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті)</p>                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                      | <p>Қарға мен сауысқанды бақылау.<br/>(қарым-қатынас іс-әрекет, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекет)</p>                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                            | <p>Желді бақылау. (қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті)<br/>Мақсат-міндеттер:<br/>Балалардың өлі табиғат</p>     | <p>«Экологиялық тәрбие». Қарағайды бақылау.<br/>(экологиялық тәрбие, қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-</p> | <p>«Қауіпсіздік». Көліктерді бақылау.<br/>(қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті)<br/>Мақсат-міндеттері. Көліктерді</p> |

|                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                         |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                 |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                       |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                     |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                            |
|-------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|---------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|-------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|---------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|--------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|
| <p>Мақсат-міндеттері. Балалардың тірі табиғат түрі, қайың ағашы, туралы білімдерін тиянақтау; қайыңға тән белгілерді атауға ынталандыру; өсімдіктерді (ағаш және бұтақтар) жіктей білуді бекіту.</p> <p>Қауіпсіздік. Экология. Бақылау барысында қауіпсіздік ережелерін сақтауға үйрету.</p> <p>Қоршаған ортада және табиғатта қарапайым тәртіп ережелерін сақтау, қарапайым экологиялық білімдерін қалыптастыру, өсімдіктерге күтім жасауға баулу.</p> <p>Марфуға Айтқожина "Ақ қайыңдар"</p> <p>Ақ қайыңдар алқаптарды алқымдап,</p> <p>Кешкі арай жатыр шынды алтындап.</p> <p>Самал желмен желпінеді тау тұтас,</p> <p>Бой жазып бір таза ауада салқындап.</p> <p>«Өнегелі тәрбие».</p> <p>«Қауіпсіздік». Еңбек</p> | <p>Мақсат-міндеттер. Қыстап қалатын құстар туралы ұғымдарын кеңейту; бақылау барысында жануарлар (құстар) әлеміндегі маусымға тән көріністерді: қыста - құстарды қоректендірудің қажеттігі туралы ұғымдарды бекіту.</p> <p>Сауысқан мен қарғаны салыстыруды, айырмашылықтарын табуды үйрету.</p> <p>Зерттеу. Балабақша алаңынан құстардың іздерін іздеу.</p> <p>Марат Нұрқалиев Қарға, қарға, қарғалар... – Қарға, қарға, қарғалар, Қар үстінде жорғалар, Қайда барып қайттыңдар, Не көрдіңдер, айтыңдар! «Өнегелі тәрбие».</p> <p>«Қауіпсіздік». Еңбек тапсырмалары: құстарды қоректендіру. (танымдық іс-әрекет, қарым-қатынас, еңбек іс-әрекеті)</p> <p>Мақсат-міндеттер.</p> | <p>түрі, жел, туралы түсініктерді кеңейту; балаларға желді бұтақтарға, жалауларға, бұлттарға қарап байқауға болатынын көрсету; желдің баяу және қатты соққанын байқауға дағдыландыру; зеректікке, табиғи құбылыстарға деген қызығушылықты арттыру.</p> <p>Педагог балаларға жалауларға, бұтақтарға қарап желді бар не жоқ екендігін байқауға шақырады. Балалар желді қатты соғып не баяу есіп тұрғанын айтады.</p> <p>"Жел қайда соғып тұр?"</p> <p>логикалық жаттығуы. (танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті)</p> <p>Мақсат-міндеттер: балалардың кеңістікті (жазықтықты) бағдарлай білу қабілеттерін жетілдіру; оң мен сол жақты ажыратуға машықтандыру; объектіге немесе суреттегі объектіге</p> | <p>әрекеті)</p> <p>Мақсат-міндеттері. Өсімдіктердің жіктелуі туралы түсініктерді кеңейту: бұталар және ағаштар; қылқан ағаш түрі, қарағайдың ерекшеліктерін тану, өзге ағаштардан ажырата білу қабілеттерін дамыту; қарағайды тірі табиғат түрі көріп, оның суық мезгілде қылқандарды тастамайтынын, жасыл түсті болатынын, суыққа төзімді екендігін байқату. Қарағайдың адамның ағзасына, тазаның таза болуына жағымды әсер ететінін ескерту; экологиялық білім негіздерін қалау.</p> <p>Мүбәрәк Жаманбапинов "Қарағай"</p> <p>Жаз жасылға оранған Қыс та ән қосқан дауылға Бір қарағай орманнан Әкелінді ауылға.</p> <p>Тақтай етіп тілді де, Жонды ұста сүргілеп. Төрімде енді тұр міне Шкаф болып сырлы көк</p> | <p>мақсатына қарай ажырата білуді үйрету; жүргізуші мамандығына қызығушылығын, оның еңбек әрекеттерін игеруге ұмтылысын қалыптастыру.</p> <p>Көлік түрлері, жол бөліктері (тротуар, жолдың жүру бөлігі мен жаяу жүргіншілер өтетін жол және жерасты жолдары), жол қозғалысының қарапайым ережелерін сақтауға ынталандыру.</p> <p>Оразақын Асқар «Машина»</p> <p>Машина істе – серігің, Жолға шықсаң – көлігің. Айта қойшы, сен, інім, Шығаратын оны кім?</p> <p>Тас қорытып домнада Металл құйса құрышшы, Машинаны заводта Жасар іскер жұмысшы.</p> <p>– Балалар, жол ережесін қарастырғанда жол қозғалысы кезінде, көшеде біз қалай аталамыз?</p> <p>– Жүргіншілер жүретін жеке жолдар бар ма? Атасаңдар.</p> <p>– Көліктер жүретін жолды қалай атаймыз?</p> <p>– Егер жүргіншіге жолдың арғы жағына өту керек болса, не істеу керек?</p> |
|-------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|---------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|-------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|---------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|--------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|

|                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                    |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                        |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                     |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                       |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                           |
|----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|--------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|---------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|---------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|---------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|
| тапсырмалары:<br>самалжайды тазалау, ұсак<br>қоқысты (контейнерге)<br>жинау.<br>(танымдық іс-әрекет,<br>еңбек іс-әрекеті)<br>Мақсат-міндеттері.<br>Тазалық пен тәртіпке<br>дағдыландыру; бастаған<br>ісін аяғына дейін<br>жеткізуге,<br>жауапкершілікке баулу.<br>Қауіпсіздік. Еңбектегі<br>қауіпсіздік ережелерін<br>қайталау, қадағалау.                                                         | Қыстап қалған құстарды<br>көректендіруге көңіл<br>бөлу. Құстарды<br>көректендіруге арналған<br>жәшіктер әзірлеу, ата-<br>аналар келеген кезде<br>жәшіктерді ағаштың<br>басына ілу.<br>Құстар мен балалардың<br>қауіпсіз арақашықтығын<br>қадағалау, ережелер<br>жайында ескерту.                                                                                                                                                                       | қарап, жел қайда<br>соққанын үстеу сөздерді<br>қосып айтуға баулу;<br>ақыл-ойыны дамыту.<br>Құралдары: сюжетті<br>суреттер (суреттерді<br>жалаулар оң және сол<br>жаққа желпілдер тұр).<br>- Суреттерге қарап,<br>далада желдің бар ма<br>екенін анықтап көрейік.<br>Жел бар болса, қай<br>жаққа соғып тұрғанын<br>байқап көрейік.<br>Балалардың мысалы<br>жауаптары:<br>- Бірінші суретте жел<br>сол жаққа соғып тұр.<br>Екінші суретте жел оң<br>жаққа соғып тұр. | Достарынан бақытты,<br>Өкіліндей орманның.<br>Құшағына алыпты<br>Көсемдердің томдарын.<br><br>«Өнегелі тәрбие».<br>«Қауіпсіздік». Еңбек<br>тапсырмалары: қарлы<br>жолдарды сыпыру.<br>(танымдық іс-әрекет,<br>қарым-қатынас, еңбек іс-<br>әрекеті)<br>Мақсат-міндеттер.<br>Балаларға бала-бақша<br>ауласындағы жолдарды<br>сыпыруды және<br>тазалауды үйрету.<br>Шамасы келетін,<br>бірлескен еңбек<br>әрекетіне қатысуға,<br>бастаған ісін аяғына<br>дейін жеткізуге,<br>дербестік пен<br>жауапкершілікке баулу.<br>Еңбексүйгіштікке<br>тәрбиелеу.<br>Еңбек құралдарын<br>қолдануда қауіпсіздік<br>ережелерін сақтауды<br>қадағалау. | «Өнегелі тәрбие».<br>«Қауіпсіздік». Ересек<br>адамдармен бірге орындалатын<br>қарапайым еңбек<br>тапсырмалары: қарды белгілі<br>бір жерге күрекпен жинау.<br>(танымдық іс-әрекет, қарым-<br>қатынас, еңбек іс-әрекеті)<br>Мақсат-міндеттері. Шамасы<br>келетін, бірлескен еңбек<br>әрекетіне қатысуға, бастаған<br>ісін аяғына дейін жеткізуге,<br>дербестік пен жауапкершілікке<br>баулу.<br>Еңбек құралдарын қолдануда<br>қауіпсіздік ережелерін<br>сақтауды қадағалау. |
| "Жапалақ" қимыл-<br>қозғалыс ойыны.<br>(дене тәрбиесі)<br>Мақсат-міндеттері. Таныс<br>ойындарды<br>ұйымдастыруда<br>бастамашылдық,<br>дербестік танытуға баулу.<br>Балаларды ойын шартына<br>сай қимылдауға,<br>жалтарып жылдам<br>жүгіруге немесе бір<br>орында қозғалмай тұруға<br>дағдыландыру;<br>қимылдарды үйлестіру,<br>зерек болуға бейімдеу;<br>әділ ойнауға тәрбиелеу.<br>Санамақ арқылы | «Тауық корасындағы<br>түлкі» қимылды ойыны.<br>(дене тәрбиесі)<br>Мақсат-міндеттер.<br>Жалтарып жылдам<br>жүгіре білуге,<br>қимылдарды үлестіруге<br>дағдыландыру; күш-<br>жігерді шапшандықты,<br>шыдамдылықты дамыту.<br>Таныс ойындарды<br>ұйымдастыруда<br>бастамашылдық,<br>дербестік танытуға<br>баулу. Қимылды<br>ойындарда жетекші<br>рөлді орындауға үйрету.<br>Қимылдауда<br>қауіпсіздікті қалағалау.<br>Алаңның бір жағында<br>«тауық қора» | «Өнегелі тәрбие».<br>«Қауіпсіздік». Еңбек<br>тапсырмалары: серуенге<br>шығарылған ойын<br>жабдықтарын жинау.<br>(танымдық іс-әрекет,<br>қарым-қатынас, еңбек іс-<br>әрекеті)<br>Мақсат-міндеттері.<br>Бастаған ісін аяғына<br>дейін жеткізуге,<br>дербестік пен<br>жауапкершілікке баулу.                                                                                                                                                                           | "Мысық пен тышқан"<br>қимыл-қозғалыс ойыны.<br>(дене тәрбиесі)                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                        | "Қуып жет" қимыл-қозғалыс<br>ойыны.<br>(дене тәрбиесі)<br>Мақсат-міндеттері. Таныс<br>ойындарды ұйымдастыруда<br>бастамашылдық, дербестік<br>танытуға баулу. Ойында<br>физикалық қасиеттерді<br>(жылдамдық, шыдамдылық)<br>дамыту; жүгіру дағдыларын<br>жетілдіру; ойын ережелерін<br>саналы түрде сақтауға баулу.                                                                                                                                                        |
|                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                    |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                        |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                     |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                       | "Нысанаға тигіз" қимыл-<br>қозғалыс жаттығуы.<br>(дене тәрбиесі)                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                          |

|                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                        |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                         |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                             |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                    |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                            |
|--------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|---------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|-----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|--------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|
| <p>"жапалақ" тағайындалады.</p> <p>"Жапалақтар" өз "ұяларында" жасырынып тұрады.</p> <p>Қалған балалар "тышқан" мен "шымшықтар" рөлдерін сомдайды, ойынның басында белгілі жерде жасырынып отырады.</p> <p>"Лақтыру - ұстау" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене тәрбиесі) Мақсат-міндеттері. Допты бір-біріне төменнен және бастан асыра лақтыру (1,5 метр қашықтықта), қағып алу қабілеттерін жетілдіру; доптармен ойындарда балалардың белсенділігін, дербестігін дамыту.</p> <p>Өзіндік еркін ойындар. (дене тәрбиесі, шығармашылық, қарым-қатынастар іс-әрекеттері) Мақсат-міндеттері. Балалардың дербес қимыл белсенділігін, ынта мен шығармашылықты</p> | <p>орналасады. Ол үшін орны сызылады. Бұл жерге тауық, балапандарды сомдайтын балалар жиналады.</p> <p>Алаңның қарама-қарсы жағында «түлкінің іні» орны сызылып, түлкіні сомдайтын бала санамақпен таңдалады.</p> <p>«Ұлттық ойын - ұлт қазынасы». Қазақ халқының ұлттық ойындары. «Арқан тарту» ойыны. (дене тәрбиесі) Мақсат-міндеттер. Ұлттық ойынды жаңғырту, ойынға қызығушылықтарын арттыру; ойын шартын бұзбай ойнауға дағдыландыру; физикалық қасиеттерді: күшті, шыдамдылықты, икемділікті, ептілікті дамыту; достық қарым-қатынас құруға тәрбиелеу.</p> <p>Өзіндік еркін ойын әрекеттері:</p> | <p>Ойыншықтар мен заттар адамның еңбегі нәтижесінде пайда болатынын ескерту, ұқыптылыққа тірбиелеу.</p> <p>"Қу түлкі" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене тәрбиесі) Мақсат-міндеттері. Таныс ойындарды ұйымдастыруда бастамашылдық, дербестік танытуға баулу. Ойында физикалық қасиеттерді (жылдамдық, шыдамдылық, икемділік) дамыту. Балалардың ойын шарттарына сай ойнай білуі. "Мен – түлкі!" белгісі бойынша қолға түспей, жалтарып, жылдам жүгіре білу қабілеттерін жетілдіру; қимылдарды үйлестіруге, ептілікке, жігерлілікке тәрбиелеу.</p> <p>"Жалаушаны қағып кетпе" ойын-жаттығуы. (дене тәрбиесі) Мақсат-міндеттері.</p> | <p>Мақсат-міндеттері. Қимылды ойындарға қызығушылықты дамыту. Таныс ойындарды ұйымдастыруда бастамашылдық, дербестік танытуға баулу. Шеңбер бойымен, түрлі тапсырмаларды орындай отырып: шапшаң және баяу қарқынмен жүгіре білуді жетілдіру. Балаларды ойын шартына сай әділ ойнауға, рөлді дәл атқаруға бейімдеу; зеректікке, шапшаңдыққа, жылдамдыққа машықтандыру; шыдамдылыққа, ұйымшылдыққа тәрбиелеу.</p> <p>"Сызықты баспа" қимыл жаттығуы. (дене тәрбиесі) Мақсат-міндеттері. Балаларды бір бағытта екі аяқпен жылжып, 4–5 сызықтан аттап (сызықтардың</p> | <p>Мақсат-міндеттері. Оң және сол қолымен көлденең қойылған нысанаға (2–2,5 метр қашықтықтан) лақтыра білуді дамыту; дәлдікке, ептілікке тәрбиелеу.</p> <p>Өзіндік еркін ойындар. (дене тәрбиесі, шығармашылық, қарым-қатынастар іс-әрекеттері) Мақсат-міндеттері. Балалардың дербес қимыл белсенділігін, ынта мен шығармашылықты арттыру; өзін-өзі құрметтеу, өз күші мен мүмкіндіктеріне деген сенімділікті арттыру.</p> |
